

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Инвестордың арасындағы келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны жүргізудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының 1997 жылғы 15 қазандағы N 399 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 399. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

2) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Инвестордың арасындағы келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны жүргізудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 28 наурыздағы N 399 қаулысы (1997 жылғы 24 наурыз N 399)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Инвестордың арасындағы келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны жүргізудің тәртібі туралы" ереже бекітілсін.

Төраға

**Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитеті мен Инвестордың арасындағы
келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны
жүргізудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабына сәйкес әзірленді және келісім-шартты әзірлеу кезінде оған сараптама жүргізудің тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

1.2. Келісім-шарттың сараптамасы - Комитеттің келісім-шартты жасау кезінде тиісті мемлекеттік органдармен және тәуелсіз сарапшылармен жүзеге асыратын, жасалатын келісім-шарттың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестілігін, келісім-шартқа сәйкес жүзеге асыратын инвестициялық жобаны экономикалық және қаржылық тиімділігін және берілетін жеңілдіктер мен преференциялардың түрлерін, мөлшері мен мерзімдерін бағалауға мүмкіндік б е р е т і н т а л д а у .

1.3. Инвестициялық жоба - инвестициялық қызметке байланысты шаралар циклы.

2. Инвестормен келісім-шарттардың сараптамасының негізгі міндеттері

2.1. Инвестор мен келісім-шарттың сараптамасының негізгі міндеттері м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

- келісім-шарттың келісім ережелерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестілігін тексеру;

- келісім-шарттың Қазақстан Республикасы мен Инвестордың мүдделерін оңтайлы ескеретін ережелерін айқындау;

- берілетін жеңілдіктер мен преференциялардың түрлерін, мөлшері мен мерзімдерін айқындау.

3. Инвестормен келісім-шарттардың сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі

3.1. Комитет инвестордан қабылданған өтінімді оң шешкен кезде Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы өтінімді барлық қажетті құжаттарымен оның Заңға сәйкестілігіне сараптамасы бойынша қорытындысымен жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясына береді.

3.2. Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясы Инвестормен бірлесіп 60 күнге дейін мерзімде келісім-шартты әзірлейді.

3.3. Келісім-шартты әзірлеу кезінде Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясы тиісті мемлекеттік органдар мен тәуелсіз сарапшыларды

тартып келісім-шарттың сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді.

3.4. Қазақстан Республикасының және өзге мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының қатарынан тиісті мамандарды тарту Комитет бекіткен "Сараптамалар жүргізу және келісім-шарттарды әзірлеу үшін мемлекеттік органдардың мамандарын, кеңесшілерді, консультанттар мен сарапшыларды тартудың тәртібі туралы" ережеге сәйкес жүргізіледі.

3.5. Келісім-шарттың сараптамасы екі бөліктен: келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын инвестициялық жобаның сараптамасы мен келісім-шарттың заңдық сараптамасынан тұрады.

3.6. Инвестициялық жобаның сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізуге мыналар кіреді:

- Комитет Заңға сәйкес қажет болған кезде тиісті мемлекеттік органдарға өздерінің құзыретіндегі бөлімдер бойынша жобаға бағалау жүргізуді тапсырады;

- жобаны тәуелсіз бағалау үшін тәуелсіз сарапшы белгіленеді, оны Комитет бекіткен ұйымдардың тізбесінен инвестор таңдап алады;

- инвестор Комитет бекіткен ұйымдармен келіспеген жағдайда Комитет тәуелсіз сараптаманы таңдау бойынша конкурс жариялайды.

3.7. Инвестициялық жоба сараптамасының нәтижесі жобаға баға берген және жеңілдіктер мен преференцияларды берудің ұсынылған мөлшері мен мерзімдерін қоса алғанда, олар бойынша негізді ұсыныстар бар қорытынды болып табылады.

3.8. Инвестициялық жоба бойынша қорытынды тиісті мемлекеттік органдар мен тәуелсіз сараптамашылардың сараптық қорытындылары мен ресми түйінділеріне негізделеді.

3.9. Инвестициялық жобаның сараптамасы оның Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтық жеңілдіктер мен преференциялар берудің тәртібі" туралы ережесінде айтылған өлшемдерге сәйкессіздігін анықтаған жағдайда, онда Комитет инвесторы Комитеттің бас тартуы туралы жазбаша түрде хабарландырып инвесторға жеңілдіктер мен преференциялар беруден бас тартарды.

3.10. Инвестициялық жоба сараптамасы оның жоғарыда аталған өлшемдерге сәйкестігін растаған жағдайда зерттеулер, жоспарлау және ақиқат дирекциясы Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясымен бірлесіп берілетін жеңілдіктер мен преференциялардың түрлерін, мөлшері мен мерзімдерін белгілейді.

3.11. Келісім-шарттың ережелерінің заңдық сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізуге мыналар кіреді:

- Комитет Заңға сәйкес қажет болған кезде тиісті мемлекеттік органдарға өздерінің құзыретіндегі бөлімдер бойынша жобаға бағалау жүргізуді тапсырады;

- жобаны тәуелсіз бағалау үшін тәуелсіз сарапшы белгіленеді, оны Комитет

бекіткен ұйымдардың тізбесінен инвестор таңдап алады;
- инвестор Комитет бекіткен ұйымдармен келіспеген жағдайда Комитет тәуелсіз сараптаманы таңдау бойынша конкурс жариялайды.

3.12. Заңдық сараптаманың нәтижесі келісім-шарттың ережелерінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкестігі мәніне әзірленген қорытынды болып табылады.

3.13. Заң сараптамасы бойынша қорытынды тиісті мемлекеттік органдар мен тәуелсіз сараптамашылардың сараптық қорытындылары мен ресми түйінділеріне негізделеді.

3.14. Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясы келісім-шарттың ережелерінің оның сараптамасы нәтижесінің сәйкестігін келісу бойынша инвесторлармен келіссөздер жүргізеді, олардың нәтижесі келісім-шарт бойынша келісу хаттамасы болып табылады.

3.15. Келісім-шарттың ережелері бойынша айтылған мерзімдерде келісуге қол жеткізу мүмкін болмаған кезде Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясы келісім-шартты әзірлеу мерзімін ұзартуға, бірақ 60 күннен аспайтын уақытқа ұзартуға құқылы.

3.16. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Комитет Инвесторға бас тартудың себептерін көрсетіп келісім-шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

3.17. Келісім-шарттың барлық тармақтары бойынша келісімге қол жеткізілген кезде Жобаларды бағалау және келіссөздер жүргізу дирекциясы келісім-шарттың жобасын әзірлейді.

3.18. Жарнама және үйлестіру дирекциясы инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажетті барлық келісуші және рұқсат етуші құжаттарды, лицензияларды, визалар мен басқа да құжаттарды алуды қамтамасыз етеді.

3.19. Келісім-шарттың әзірленген жобасына Комитеттің барлық дирекциялары виза қояды және Директорлар кеңесінің қарауына енгізіледі.